

# «ДИУАНИ ЛУҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІЛЕРІ ТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ ЭТНОЛИНГВОМӘДЕНИ КӨРІНІСІ

*Miras M. KOSIBAYEV\**

## ***“Dîvânu Lugâti’t Türk” Çalışması Esasında Orta Çağ Türkleri Bilincindeki Dünya Görüşünün Etnolengükültürel Görüntüsü***

### **Özet:**

Günümüzde kökü derin Türk uygarlığını meydana getirme yolunda kökü bir olan Türk halklarının geçmiş tarihi, dili, edebiyatı, kültürü, yaşamı, mitolojik inançları ve maddi değerlerinden bilgi veren yazı abidelerini her yönden araştırmak, incelemek hiçbir zaman önemini kaybetmemiştir. Makalede Eski Türklerin mirası olan Orta Çağ’da yaşamış kökü aynı Türk halklarının doğal zihniyeti ve etnik bilinci, boşluk ve zamanı benimsemedeki manevi ve maddi değerler sistemi M. Kaşgarlı’nın “Dîvânu Lugâti’t Türk” ansiklopedik eseri esasında incelenmiştir.

**Anahtar kelimeler:** Dîvânu Lugâti’t Türk, Orta Çağ Türkleri, dünya görüşü.

***Ethnolinguocultural Aspect in the Worldview of the Medieval Turks  
Conscious on the Basis of the “Dîvânu Lugâti’t Türk”***

### **Abstract:**

The article includes study of unique ancient Turkic civilization, material and intellectual cultures, common origin and history, language and literature, spirituality and beliefs, which are clearly seen in written records of Turkic civilizations. The scope of the article is descendants of the ancient Turkic medieval natural personality and ethnical outlook of the Turkic people, the space and time in the development of spiritual and material values, which was greatly illustrated in the heritage of Turkic literature “Dîvânu Lugâti’t Türk”.

**Key words:** Dîvânu Lugâti’t Türk, Medieval Turks, worldview.

\* PhD доктор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Түрктану кафедрасының аға оқытушысы, Астана/Қазақстан, miras.kosybaev@gmail.com

Дүниенің төрт бұрышын алған көне түркілердің мұрагерлері орта ғасырлық түбі бір түркі халықтарының табиғи болмысы мен этностық дүниетанымын, кеңістік пен уақытты игерудегі рухани және материалдық құндылықтар жүйесін айшықтауда М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» энциклопедиялық жәдігерінің маңызы ерекше. Ғалым Ә.Т.Қайдар «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» деп, лингвомәдениеттаным мен этнолингвистиканың сабақтастығын көрсетіп, этнолингвомәдениеттанымдық зерттеулерде лексикалық қорды «Табиғат», «Адам», «Қоғам» макрожүйелері негізінде қарастырудың маңызын анықтап бергені белгілі (Қайдар 1998: 34). Орта ғасырлық түркілер дүниетанымындағы әлемнің тілдік бейнесі де аталған макроконцептілердің тілдік модельдері арқылы көрініс табады. «Диуани лұғат-ит-түрік» тілінде кездесетін орта ғасырлық түркілер санасындағы ақиқат дүниенің идеялық құндылықтарын бейнелейтін концептілерге сараптама жасап, олардың тілдік модельдерінің архимазмұнын қарастыру жалпытүркілік концептуалды жүйенің эволюциялық дамуы мен сыртқы және ішкі құрылымын зерделеуге мүмкіндік береді. Орта ғасыр мұрасына жататын «Диуани лұғат-ит-түрік» жәдігерін антропоэзектік лингвистика негізінде зерттеу арқылы көптеген концептуалды ғылыми ақпараттарға қанығумен қатар, бүгінгі түркі халықтарының болмысын, соның ішінде қазақ халқының таным ерекшелігін тани түсуге болады.

«Дүниетаным ақиқатты рухани-практикалық тұрғыдан игеру жүйесі болып табылса» (Орынбеков 1996: 85), тіл санада танылған ұғымдар жүйесінің, танымның ақиқат өмірдегі бейнесі ретінде дүниетанымның қалыптасуына арқау болады, ұзақ хронологиялық мерзімді қамтитын ұрпақ сабақтастығының, таным бірлігінің алтын желісі қызметін атқарады. Әрбір халықәлемді оларды қоршаған заттарды өзінше елестетіп, қабылдайды. Себебі, әр елдің тарихы, төл мәдениеті, ұлттық таным мен талғамы, тілі, діні әртүрлі болып келеді. Тіл адам үшін тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын механизм ғана емес, ақиқат әлемі туралы ақпарат беретін саналы құбылыс. Ұрпақтан-ұрпаққа жететін рухани-мәдени құндылықтар жүйесі тілдің ақпараттық-кумулятивтік қызметі арқылы жалпы адамзаттық өркениет кешенін қалыптастырады. Әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өзіндік рухани құндылықтарын қалыптастыратын таным-талғамы келесі тарихи кезеңдегі жас ұрпақтың таным-талғамының талабына, тәжірибесіне байланысты сәл ғана өзгеріс

тапса, кейде еш өзгермей жаңа құндылықтар өзегіне айналып келесі ұрпаққа жалғасып отырады. Түбегейлі жоқ болып болмаса танымастай өзгеріске ұшырау қауіпі жоқ. Бұл далалық танымның немесе түркілік дүниетанымның ерекшелігі. «Себебі көшпенділердің тіршілігі тек ритуалға, миф-аңыздарға негізделген. Ондағы ең басты қағида – «біз және өзгелер», қан тазалығына негізделген қарым-қатынас» (Есім 2004: 96).

Этнос дүниетанымы адамзат ақыл-ойының даму деңгейіне байланысты жетіліп, шыңдала түсетін мәдениеттің даму кезеңдерінің әрбір сатысынан өткен сайын ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік қана емес, этикалық-моральдік, ментальдік тұрғыдан да таныта алады. Мифологиялық-діни түсініктен өрбіген «Тәңірлік идеясы» көне түркілер дүниетанымының негізіне айналса, орта ғасырда ислам мәдениетінің ықпалы зор болғаны белгілі. С.Г.Кляшторный тәңірдің функционалдық бейнесін «ғаламды да, адам тағдырын да Тәңірі билейді: адамзат тағдырына тән қуаныш-қайғы да Тәңірден жіберіледі; қағандарға билік, даналық сыйласа, халыққа қағанды сыйлайды; қағанға қарсылық білдіргендерді жазаға тартады; қағанға бұйрық беру арқылы мемлекеттік, әскери істерге де басшылық етеді» деп түсіндіреді (Кляшторный 1981: 131). Философиялық ойдың көрінісі Махмұт Қашқари жәдігері тілінде барынша жан-жақты байқалатынын қазақстандық зерттеуші Д.Кенжетай «Араб тілі мен парсы тілінің аспандап тұрған кезеңінде түркі тілінің байлығын көрсету, әрі арабтарға түркі тілін үйрету үшін жазылуы, сонымен қатар көне түркі тілінен, дүниетанымынан, әдет-ғұрпы мен салт-санасынан, сондай-ақ сол дәуір тарихынан хабар беруі тұрғысынан да бұл еңбек өте құнды болып саналады» (Кенжетай 2005: 25) деп көрсетеді. Ескерткіш тілін зерделей отырып, ғұн дәуірінен бастау алған «Тәңірлік идеяның» орта ғасыр түркілерінің дүниетанымынан да орын алғанын көруге болады. Сөздікте тәңірдің жаратушылық құдіретіне байланысты *Teŋri aŋun tūrūtti* «Тәңір дүниені жаратты» (DLT: II: 303), *Teŋri ol yerig yaratgan* «Жерді жаратқан тәңір» (DLT: III: 352), *Teŋri yaljuk tūrputti* «Тәңір адамды жаратты» (DLT: II: 303), *Teŋri oŋul togturdi* «Тәңір ұл тудырды» (DLT: II: 173) т.б.; тәңірдің құдіреттілігі мен парасаттылығына байланысты *Umunč Teŋrige tut* «Үмітіңді Тәңірден күт» (DLT: I: 133), *Teŋri meniŋ isim etti* «Тәңірі менің ісімді оңғарды» (DLT: I, 171), *Teŋri meni bayuttı* «Тәңір мені байымты» (DLT: II: 325), *Teŋri kar karlattı* «Тәңір қар жаудырды» (DLT: II: 347), *Men Teŋriden umundum* «Мен тәңірден үміттендім» (DLT: II: 206), *Teŋri meni ködhezdi* «Тәңір мені қорғады» (DLT: II: 162), *Teŋri ölüg turgürdi* «Тәңірі өлікті тірілтті» (DLT: II: 179), *Ol Teŋri seni maŋa sevtürdi* «Сені маған сүйдірткен Тәңір» (DLT: II: 185) т.б.; тәңірге тиіс мадақтар *Uluglug Teŋrige* «Ұлылық тәңірге (тән)» (DLT:

I: 150), *Teñririğ öküñ oğdümüz* «Тәңірді өте мақтан тұтамыз» (DLT: I: 472) т.б.; тәңірге қатысты мақалдар мен тұрақты тіркестер *Süsegen udhka Teñri müñüz bermes* «Сүзеген өзігге тәңірі мүйіз бермес» (DLT: III: 364), *Begim özin ogurladı, Yarag bilip ogurladı. Ulug Teñri ağırladı, Anın kut kın türi togdı* «Бегім өзі масаланды, Сәтін біліп жауып алды. Ұлы тәңірі құрмет тұтты, Содан құт-бақ дәулет туды» (Бегім істің сәтін бағып, қосындардан шеткері кетіп жасырынды; Істің сәтін біліп, уақытында істеді; Ұлығ тәңірі әзіздеп, содан құт, дәулет туды; бақыт тапты.) (DLT: I: 301), *Toyin tapıgsak, Teñri sevınñsiz* «Тойын табынғыш, Тәңірі сүйінішсіз» (Мұсылман болмағандардың дін басылары Ұлы Тәңірге құлшылық етіп табынар, бірақ Ұлы Тәңір оның табынғанына сүйінбес, разы-хош болмас.) (DLT: III: 377) т.б. сынды тілдік бірліктерден Тәңір жаратушы Алланың синонимі іспеттес көрініс тапса, кейбір түркі тайпалары арасында *аспан* және *үлкен*, *зор* нәрселер үшін де *тәңір* лексемасының қолданғандығын көруге болады (МК: III: 505).

Жәдігер тілін антропоэлектік лингвистика аясында зерделей отырып, «Диуани лұғат-ит-түрік» тек сол жазылған уақыттың ғана ерекшелігін емес, тұтас ғасырдың, бүгінде жеке-жеке ұлт болып ұйыған сол кездегі біртұтас түркі халқының болмысы мен танымы сыйдырылғанын көреміз. Осындай тарихы терең бірліктердің бірі – *құт* лексемасы. М.Қашқари *qut* лексемасына «*құт, бақ-дәулет*» деген анықтама беріп, *qutluğ* «*құтты*» сөзінің осыдан шыққанын айтады (МК: I: 379). *Uma kelse qut kelir* «Қонақ келсе құт келер» (DLT: I: 92). *Ulugı uluglasa qut bulur* «Ұлықты ұлықтаса, құт болар» (Жасы үлкен қарияларды құрметтесе құт болар) (МК: I: 358); *Kut kuwı berse idhim kulıña, Künde işi yükseben yokar awar* «Тәңірім берсе құлына бақ, құт-дәулет, Ісі оңалып, көтерілер күнде өрлен» (МК: I: 379). Аталған лексеманың сакральді сипаты көне түркі дәуіріне жетелейді. Көне түркілер дүниетанымында *құт* адамзатқа өмірлік күш-қуат, несібе, ырыс-береке, байлық, абырой-атақ, бедел әкелуші кие болған. Көне түркі тілі сөздігінде *qut* моносиллабына «счастье», «благо», «удача», «успех», «счастливый удел» мағыналары берілген (ДТС 1969: 471). Қазіргі кейбір түркі халықтары тілінде *qut* лексемасының адамды тастап кетсе адам ауыра бастап, келмесе өмірден өтететін тылсым күш мағынасын да көреміз. Мәселен тув.: *kuwt* «миф. Жан, өмір беруші күш»; алт.: *kuwt* «өмірлік күш-қуат мағынасындағы жан; ұрпақ, бақыт сыйлаушы рух»; хак.: *xiwt* «тірі адамның жаны» (Исабекова 2011: 101). Сонымен қатар құтты Ұмай анамен бірлікте қарастырушылар да кездеседі (Ескеева 2007: 65). Құт ұғымының дәстүрлі қазақ дүниетанмында да кеңінен орын алғанын *құтты, құтсыз, құты қашты, құтты болсын, құт-береке, құтты қонақ болу, құтты орнына қондыру* т.б. тілдік бірліктер дәлел бола алады. Негіздей айтқанда, *құт* ұғымы түркілердің сан ғасырлық

тәжірибесі мен таным-түсінігі арқылы қалыптасып, жалпытүркілік сана арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, архаикалық құндылықтар жүйесіне жатады.

«Диуани лұғат-ит-түрік» тілінің этнолингвомәдени көрінісін ислам дінінен бөлек алып қарастыра алмаймыз. Себебі Қарахан мемлекетінің идеологиялық негізі – мұсылман діні болған. Соған сәйкес белгілі дәрежеде рухани құндылықтар жүйесі қалыптасып, әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Ислам сөзі – «мойынсұну, бағыну, берілу, амандықта болу» деген ұғымды білдіреді (Қайдар 2013: 665). Бұл сөздің терминдік мағынасы – Ұлы жаратушы Ие Аллаға мойынсұну және Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың дін ретінде әкелген, үйреткен, жеткізген нәрселерін толықтай қабыл етіп, ұстану. Ескерткіш тілінде *idhi* «*ие, еге*» лексемасы жаратушы мағынасында қолданылған (МҚ: I: 117). Дәстүрлі наным-сенім бойынша адам бойында ұялаған немесе адаммен бірге жүретін, көрінбейтін тылсым күш те ие деп аталған. Соған сәйкес қазақ тілінде *иесі бар, иесі қысты, иесі қозды* т.б. сынды ұғымдар қалыптасқан. Тәңіршілдіктен бастау алған *Жаратқан ие, Жасаған ие, Тәңір ие, Тұп ие* деген ұғымдар түркі халықтарына ислам дінінің келуіне байланысты тек Алла Тағалаға қатысты айтылатын болған. Ал *biti* лексемасына М. Қашқари «*көктен түсірілген кітаптардың бірі*» деген анықтама беріп, ол сөздің қандай түрік диалектілеріне жататыны жайлы ешқандай сөз қозғамайды (МҚ: III: 297). Дж. Клосон көне түрік тіліндегі *bitig* лексемасының негізі болып табылатын *biti* сөзі көне түркі кезеңінде де «*жазу, хат, кітап*» мағынасында қолданылғанын көрсетеді (Clauson 1972: 303). Одан бөлек XI ғасырда пәле-жаладан қорғайтын тұмардың да жәдігерде *bitik* деп берілуі оған жазылатын жазумен (аят, сүремен) байланыстыруға болады. Мұсылмандардың бес парызының бірі – намаз сөздікте жалпытүркілік *yükünç* лексемасы арқылы беріліп, намаз жасау *yükünç etmek* деп көрсетілген (МҚ: II: 44).

Адам баласы – жұмыр басты пенде болғандықтан өмір бар жерде өлімнің бар екенін түсінеді. Білмейтіні – өмірдің қаншаға созылатыны, қалай болатыны, өлімнің қашан келетіні және неден болатыны. Яғни адамзат үшін өлім мен өмір бір біріне қарама-қарсы ұғымдар. Өмірдің қас қағым сәтте өтіп кететін мәңгілік емес екенін біліп, алдамшы нәрселердің барлығына *arguş* дейтін орта ғасырлық түркі халықтары, жалған дүниені *arguş aʒun* деп атаған (МҚ: I: 125). Шігілдер *aʒun* лексемасын екі дүние мағынасында да *bul aʒun* «*бұл дүние*» және *ol aʒun* «*ол дүние*» (ақырет) деп қолданған (МҚ: I: 107). Жәдігерде мәңгілік дүние *menğü aʒun* деп беріліп, жырда:

*Togup takı kalmadı menğü eren*

*Ażun küni yuldızı tutçı togar*

«Адам мәңгі қалмайды, туса-туар

Дүниенің күн жұлдызы туар-тұрар!» деп адам баласының бұл жалғанда мәңгілік емес екендігі сөз етілген (МҚ: III: 506). Қамшының сабындай қысқа да жалған өмірде адамзаттың жақсылыққа ұмтылып, жақсы амал жасау керектігін *Yalñuk oğlı yokazur edzü atı kalır* «Адам баласы жоғалар жақсы аты қалар» деген мақал арқылы көрсетіп (МҚ: III: 512), *Yağı erür yalñukıñ neñi tawar, Bilig eri yağısın nelik sewer* «Өзіне жау, адамның мал тауары, Қалай сүйсін білікті ер дұшпанын» деп, адамның мал-мүлкі, тауары өзіне жау екені жәдігерде сөз етілген (МҚ: III: 513). Ескерткіш тілінде Алла тағаланың рақымы түскен сүйікті құлдарының о дүниедегі рақат орны жұмақ – *uřmak* түрінде көрініс тапқан (МҚ: I: 149). Ал тозақ *tamu* деп көрсетіліп, *tamu karıgın ařar tavar* «тозақ есігін мал ашар» деп берілген (МҚ: III: 316).

Түркі халықтарының исламға дейінгі негізгі наным-сенімдерінің бірі шаманизм болған. Оның қалдықтарының осы күнге дейін қарлықтар арасында сақталғанын байқауға болады. Қарлықтардағы шамандықтың бір белгісін әуелгі орта ғасырда кеңінен тараған сиқырлы тас туралы аңыздардың болуы да дәлелдейді (Сыздықов 2014: 203). Жәдігерде жаңбыр, жел сол сияқты табиғат құбылыстарын шақыру үшін (сиқырлы) тастардың жәрдемімен дұғалау сөздікте *yat* деп берілген (МҚ: III: 221). М.Қашқари бұл әдеттің түріктер арасында көп тарағанын, оның мұндайды йағмалардың ішінде көп көргенін айта келіп «оларда өрт шыққанда өртті тоқтату үшін солай істеп жадылаған еді, Ұлы Тәңірдің құдіретімен жазда қар жауып, көз алдымда өрт сөнді» деп тылсым күштің құдіретіне таңғалады (МҚ: III: 10). М. Қашқари «Бұл түрік елдерінде белгілі дәстүрлі әдет. Ұлы Тәңірдің құдірет-құзыретімен, жады тасына дұға оқу арқылы жел тұрғызады, жаңбыр жауғызып, суық шақырады» деген пікір айтады (МҚ: II: 513). Сонымен қатар М.Қашқари ақ не қара түсті, саф түзілген тасты *kař* деген лексема арқылы көрсетіп, *Kimñ bile kař bolsa yağıñ yaktas* «Кіммен бірге қаш болса, жасын тимес» (Кімнің жанында қаш тасы болса, оған найзағай дарымайды) деген хикмет сөзді мысалға келтіреді. Қаш тастың ақ түсін адамдар жүзікке қондыратыны жайлы сөз етіп, «Ондай жүзікті сыйға алған адамға жасын тимейді. Өйткені оның табиғаты, жаратылысы сондай. Ол тасты бөзге орап отқа тастаса, бөз де, тас та күймейді. Бұл сыналған. Шөлдеп, сусаған адам аузына салса, шөлін басады» деген пікір айтады (МҚ: III: 33). Көне түркі сөздігінде *kař* лексемасына «минерал нефрит» деген анықтама берілген (ДТС 1969: 431). Қазақ халқында да соғыс кезінде аспаннан түскен сиқырлы тас «жауынның» көмегімен жау

әскері үстіне қар, жауын жаудырып, найзағай түсіретін адам *жадышы* деп аталған (Кейкін 2006: 84). «Сиқырлы тас» туралы аңыздар оғыз, қарлық, қыпшақ т.б. түркі тілдес тайпалар арасында кездесіп қана қоймай, тіпті қытай, араб деректерінде де ұшырасады. Бұл аңыздардың ертеден ғұн заманында болғанын қытай деректері дәлелдейді (Сыздықов 2014: 203).

Ескерткіш тілін зерттей отырып, XI ғасырда түркі әлемінде яғни қарлық тайпалық бірлестігі мен Қарахандар кезінде құрылған мемлекетте ислам дінінен бөлек басқа да бірнеше діни наным-сенімдердің болғанына көз жеткіземіз. Сөздікте будда діні *burhan* лексемасы арқылы (МҚ: I: 494), ал будда дінінің дәрежелі дінбасысы *toyin* деп көрсетіліп, *toyin burhanka yükündi* «*тойын пұтқа жүгінді*» деген мысал келтірілген (МҚ: III: 119). Жалпы *toyin* сөзін М.Қашқари «*біздегі имам, мүфтилер секілді ислам дінінде болмағандардың дін басы, тойын қашанда пұт алдында болып, кітаптарды, кәпірлердің хукімдерін оқиды*» деп түсіндіріп, *Bir toyin başı agrısa katıug toyin başı agrımas* «*Бір дін басының басы ауырса, барлық дін басының басы ауырмас*» (Бұл мақал жолдас-жоралардың арасында бір нәрсені жеп жатқан жерде біреу кісілік көрсетіп, астан тартынып қалғанда, басқаларын тағам алуға шақыру үшін айтылады) деген мақалды мысалға келтіреді (МҚ: III: 232). Жәдігерде сол кездегі мұсылман болмағандарды сынайтын *Toyın tapıgsak teñri sevinşsiz* «*Тойын табынғыш, тәңірі сүйінісиз*» (мұсылман болмағандардың дін басылары Ұлы Тәңірге құлшылық етіп табынар, бірақ Ұлы Тәңір оның табынғанына сүйінбес, разы-хош болмас) деген мақал көрініс тапқан (МҚ: III: 504). Одан бөлек зерттеу нысанымызда мұсылман еместердің діндері жайлы көп мәлімет бермегеніменен христиандардың оразасы *paçak* (МҚ: I: 471), ал олардың моласы *subuzgan* лексемалары арқылы көрініс тапқан (МҚ: I: 575).

Адамзат баласы белгілі бір кеңістік пен уақыт өлшемінде өмір сүргендіктен, кеңістік пен уақыт ұғымдары бірін-бірі ашуға, толықтыруға, тереңірек танытуға жағдай жасайтын әмбебап категориялар болып табылады. Ғалым Б.М. Тілеубердиев «Кеңістіктің ментальдік болмысы оның концептілігін анықтайды, яғни адамның концептілік және тілдік санасында ментальдік болмыс, ең алдымен, концепт немесе концептілер түрінде қызмет атқарады. Біздер тілдік санада кеңістік тектік концептіні білдіреді деп санаймыз. Оның құрылымына «аспан», «жер», «су», «тау» сияқты түрлі концептілер кіреді. Олардың өзі іштей тағы бірқатар концептілерге бөліне алады», – дейді (Тілеубердиев 2006: 20). Сол себепті орта ғасыр түркілердің де танымы мен тілдік санасындағы кеңістік ұғымы бірнеше микроконцептілерден тұратын макроконцептілер қатарына жатады. Түркі халықтары үшін мекен етіп отырған кеңістіктің

барша сыр-сипаты мен тылсым құбылыстарын жетік меңгеру, сол кеңістіктегі істер мен құбылыстарды уақытпен байланыстыру – өмір сүрудің, тіршілік етудің басты шарты.

Ескерткіш тілінде «уақыт» ұғымы *şer, türk, köş* тілдік бірліктері арқылы көрініс тапқан. Сөздікте уақыт оғызша *şer* лексемасы арқылы көрсетіліп, *bu şerlikde kel* «мына уақытта кел» деп берілген (МҚ: I: 381). Одан бөлек уақыт мағынасын білдіретін *Türk* сөзін де кездестіруге болады. Бұл лексема бүкіл жеміс-жидектің пісіп жетілген, уылжып толасқан маусымның ортасы дегенді білдіреді. Жәдігерде *Türk üzüm ödi* «Үзімнің піскен уақыты», *Türk yigit* «Жігім жасына толған жігім» деп көрсетілген (МҚ: I: 410). Жоғарыда көрсетілген екі лексемадан бөлек *köş* «сәт, уақыт» деп беріліп, *Bir köş küdhgil* «Бір сәт күткін» деген мысал келтірілген (МҚ: I: 380).

А.Сейдімбек түркі халықтарының нақтылы уақыт туралы дәстүрлі таным-түсінігін бірінші – экологиялық уақыт, екінші – генеологиялық уақыт, үшінші – ситуациялық уақыт, төртінші – тарихи уақыт деп төрт түрлі межеге бөліп қарастырады (Сейдімбек 1997: 202). Соның ішіндегі тарихи уақыт өлшемінде уақыт межесі күнтізбелік есеп, жыл қайыру, мүшел есебі арқылы пайымдалады. Ескерткіш тілінде орта ғасырлық түркілердің жыл қайыруының шығуына байланысты төмендегідей аңыз сақталған. «Түрік қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп сол ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе хақында қаған халқымен кеңесіп, құрылтайда: «Біз бұл тарихты анықтағанда қалай қателессек, біздің келешек ұрпақтарымыз да солай қателеседі. Сондықтан, біз енді он екі ай мен аспандағы он екі бұржыны негізге алып, әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру жылдардың айналысымен есептелсін, бұл біздің арамызда мәңгіге бір жәдігерлік болып қалсын», – депті. Сол оймен қаған аңға шығады да, барлық жабайы хайуандарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екі түрі судан жүзіп өтіп, он екі жылға сол он екі хайуанның аты берілген. Судан ең алдымен *sişkan* «тышқан» жүзіп өткен. Сол үшін жыл басы соның атымен аталып, *sişkan yılı* «тышқан жылы» деп ат қойылған» (МҚ: I: 403). Келесі жылдардың атаулары *Ud yılı* «Сиыр жылы», *Bars yılı* «Барс жылы», *Tavişyan yılı* «Қоян жылы», *Nek yılı* «Тимсах жылы» (Ұлу жылы), *Yılan yılı* «Жылан жылы», *Yund yılı* «Жылқы жылы», *Kou yılı* «Қой жылы», *Bişin yılı* «Мешін жылы», *Takaуи yılı* «Тауық жылы», *It yılı* «Ит жылы», *Toғuz yılı* «Доңыз жылы» түрлерінде көрініс тапқан (МҚ: I: 403). М.Қашқари орта ғасыр түркі



халықтарының аталған жылдардың әрқайсысында өзіне тән бір қасиет бар деп нанғанын атап өтеді. Мәселен, олардың көзқарасынша, сиыр малы бір-бірімен көп сүзisetіндіктен, сиыр жылы кіргенде ұрыс көп болады деп, тауық жылы келсе, азық-түлік көбейіп, адамдардың қам-қарекеті ілгерілейді деп түсінген. «Бұл кітапты жазған жылымыз төрт жүз алпыс алтыншы жылдың Мұхаррам айы болып, жылан жылы кірген еді. Бұл жыл өтіп төрт жүз алпыс жетінші жылға аяқ басқанда, жылқы жылы кіреді. Жыл санау осы біз көрсеткен тәртіп бойынша жүреді» деп, М.Қашқари жоғарыда көрсетілген жыл санау ретін нақтылап береді (МҚ: I: 403).

Түркі халқы табиғатпен етене жақын өмір сүргендіктен, оның дүниетанымдық бағдары мен болмысы да осы табиғатпен тікелей байланысты дамыды. М.Қашқари көшпенді түріктер жылды төрт мезгілге бөліп, әр үш айды бір атпен атайтыны жайлы айтып, ерте көктем айын *oɣlaq ay* одан кейінгі айды лақтың үлкен болып қалуына байланысты *uluɣ oɣlaq ay*, үшінші айды *uluɣ ay* «үлкен ай» деп көрсетеді (МҚ: I: 405). *Uluɣ ay* «үлкен ай» деп аталуын М.Қашқари айдың жаз ортасында болып, осы кезде жердің жүзі түрлі берекеге толып, мал-жандар оңалып семіріп, сүт көбейіп молшылықтың болуымен байланыстырады. Ғұлама түркілерде аптаның жеті күнінің аты жоқ екенін ескертіп, «апта» ұғымы исламнан кейін мәлім болғанын айтады (МҚ: I: 403).

Орта ғасырлық түркілер үшін төрт түлік мал өмір сүру кепілі болған дейтін болсақ, сол төрт түлік мал белгілі бір кеңістікте (жайылымда) және белгілі бір уақыт аясында ғана өсіп өне алатыны белгілі. Соған сәйкес ескерткіш тіліндегі *At tuşayu boldı* «Атты тұсайтын кез болды», *At boşuɣı boldı* «Атты босататын кез болды» (МҚ: I:505), *Koɣ kügi boldı* «Қойдың күйлейтін кезі болды» (МҚ: III: 188) т.б. сынды тілдік бірліктер төрт түлікке қатысты белгілі уақыт межесін көрсететін болса, *Ol koɣ tülekinde keldi* «Ол қой төлдегенде келді», мысалы қойдың көктемде төлдейтінін ескерер болсақ, белгілі бір мезгіл межесін көрсетеді (МҚ: I: 446). Тілімізде көктемді төрт түлікпен бейнелейтін *мал отызар кез* «қыстаудан ірге аударып, жайлауға көшкен елдің айнала жасыл желек, шүйгін шөпке оралып, тез отығып, тойынатын кез», *қозы пісер кез* «жаз жайлауда мал еркін шүйгінді жерде жайылып, көктемде туған қозы жетіліп союға да жарап қалған кез», *мал аяқтанар кез* «қыс қыстаудан көшкенде жердің оты шығып, мал көкке сүйенген кезде жас қозының да жайылымда жүріп буыны қатып, аяқтанған кезі» сынды тілдік бірліктерді кездестіруге болады.

Ескерткіш тілін зерделей отырып, орта ғасырлық түркі халықтарының кеңістік туралы аялық білімі көне түркілердің кеңістікті игерудегі яғни

тылсым құбылыстардың құпиясын білуге ұмтылу, табиғи құбылыстардың ыстық-суығына бейімделу, адам өмірін мүмкіндігінше жеңілдетіп, өздерінің қажеттілігін өтейтін ата-кәсіптері мал шаруашылығын өркендету негізіндегі позициялардан бастау алғанын көруге болады. Алтайдың топонимикалық жүйесін зерттеген Л.М.Дмитриева кеңістікке мынадай сипаттама береді: «Дүниенің топонимикалық бейнесінде «кеңістік» категориясы неғұрлым маңызды орынды иеленеді, өйткені бұл категория адам мен шындық өмір арасындағы қатынастарда негізгі, іргелі категория болып саналады. «Кеңістік» концептісі топонимикалық тұлға санасының бөлшегі, оның ментальдік ішкі таным көрінісі мен тілдік ұласуы ретінде дүниенің топонимикалық бейнесінде басты әрі негізгі роль атқарады» (Дмитриева 2003: 9). Орта ғасыр түркілерінің кеңістікті танып білудің тік бағыттағы және көлденең бағыттағы бағдарларын жетік меңгергенін М. Қашқаридың жәдігерінің 23-24 беттерінде орын алған дөңгелек картадан көруге болады. Ғалымның дөңгелек картасы ең ежелгі түркі картасы ретінде белгілі. Картаның дөңгелек болуы тылсым құпиялы құбылысқа толы жер шарының шар тәрізді домалақ екені түркілер үшін жаңалық болмағанын көрсетеді. Ең ежелгі түрік картасында түркілер мекендеген аймақтардағы шаһарлар мен елді мекендер, таулар мен өзендер, көлдер мен теңіздердің атаулары мен орналасуы бүге-шүгесіне дейін анық көрсетілген. Рұмнан Машынға дейінгі түркі тайпалары мекен еткен жерлерді қағаз бетіне бедерлеп шыққан ғалым, олардың әрқайсысына сипаттама береді. Олардың жер көлемі, қай аралықтарды мекендейтіні, тілі, географиялық ерекшеліктері жайында сөз етеді. Т.Жанұзақов пен Қ.Рысберген ономастикалық кеңістікті зерттей келе «Әдетте ономастикалық кеңістікті кез келген халықтың, қауымдастықтың тілдік құралдарымен белгіленетін ақиқат және қияли нысаналардың атаулары мен есімдері, яғни онимдік бірліктері құрайды. Ол атаулар тілді тұтынушы халықтың қалыптасқан «әлемнің тілдік моделіне» сай, қоршаған ортаны сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттың ой-өрісі негізінде бөлектеу ерекшелігіне сәйкес жасалады», – дейді (Жанұзақов 2004: 6). Соған сәйкес картадағы орта ғасырлық түркі халықтарының дүниетанымы мен жүріп өткен жолынан мол ақпарат беретін жер-су атаулары – әлі де сыры ашылмаған асыл қазыналар.

Жалпы алғанда, діни таным қоғамдық сананың төрінен орын алған орта ғасыр түркілерінің дүниетанымы, жаратқан ие, адам баласының пайда болуы, өмір мен өлім, уақыт пен кеңістік, әділеттілік пен бақытқа лайық өмірі, түркілік болмысы мен ойлауы, құндылықтық бағыт бағдарлары т.б. жайлы рухани-мәдени әлемі көне түркілер дүниетанымының негізі Тәңірлік идеясы Ислам дінімен үйлесімділікпен

астасып, бір арнаға тоғысқандығын көрсетеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- CLAUSON, G. (1972), *An Etymological of Pre-Thirteenth-Century Turkish*, Oxford University press.
- DLT (Kaşgarlı Mahmut: *Dîvânu Lugâti't-Türk*) (1985), Çeviren Besim Atalay, *Dîvânu Lugâti't-Türk Tercümesi*, I, II, III, IV Cilt, Türk Dil Kurumu Yayınları (2. baskı), Ankara
- ДМИТРИЕВА, Л.М. (2003), *Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая)*, докт. диссер., Екатеринбург.
- ЕСКЕЕВА, М.К. (2007), *Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі*, Алматы, Арыс.
- ЕСІМ, Ф. (2004), *Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік*, Алматы, Раритет.
- ЖАНҰЗАҚОВ, Т., РЫСБЕРГЕН, Қ. (2004), *Қазақ ономастикасы*, Алматы.
- ИСАБЕКОВА, Ұ.К. (2011), *Орта ғасырдағы түркі тілдерінің даму тарихы*, Астана, Сарыарқа.
- КЕНЖЕТАЙ, Д. (2005) «Қазақстандағы ислам философиясының негізгі өкілдері», *Ислам философиясы*, Т.4, Астана, Аударма.
- КЛЯШТОРНЫЙ, С.Г. (1981), «Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках», *Тюркологический сборник*, Москва, Наука, 131-136.
- ҚАЙДАР, Ә. (2013), *Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік)*, Т.3., Алматы, Сардар.
- ҚАЙДАР, Ә.Т. (1998), *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*, Алматы, Ана тілі.
- МҚ (Махмұт Қашқари: Түрік сөздігі) (1998), Қазақ тіліне аударған А.Қ.Егеубай, *Түрік сөздігі*, I, II, III том, Алматы, Хант.
- ОРЫНБЕКОВ, М. (1996), *Ежелгі қазақтың дүниетанымы*, Алматы, Ғалым.
- СЕЙДІМБЕК, А. (1997), *Қазақ әлемі*, Алматы, Санат.
- СЫЗДЫҚОВ, С. (2014), *Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары*, Астана, Фолиант.
- ТІЛЕУБЕРДИЕВ, Б.М. (2006), *Қазақ ономастикасының лингвокогнитологиялық негіздері*, филол. ғыл. докт. ...авторреф., Алматы.

